

А.А. Төлбасиева* , Г.Ж. Лекерова , А.М. Үсенова 

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

*e-mail: a.tolbasiyeva@mail.ru

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУ СТУДЕНТТЕРДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКKE ДАЙЫНДАУ ҚҰРАЛЫ

Мақалада шет тілін оқыту үдерісінде АКТ-ны пайдалану студенттерді шығармашылық белсенділікке дайындау құралы ретінде қарастырылады. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар әртүрлі ақпарат көздерін іздеуге, өңдеуге және меңгеруге, түрлі бағдарламаларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл болашақ шет тілі мұғалімдері ретінде студенттердің тілдік материалдарды сөйлеу түрінде қолдану үшін меңгеруін, жеке мәлімдемелерді қабылдау және оларды логикалық байланыста қолдану арқылы сөйлеу, тілді қолданудағы олқылықтарды ауызша және вербальды емес өтеу мүмкіндігін және тілдің әлеуметтік-мәдени контекстімен танысу дәрежесін, шығармашылық белсенділікке дайындығын қалыптастырады.

Ақпараттық-білім беру ортасының келесі сипаттамалары бөліп көрсетіледі: жүйелілік (тұтынушы талап ететін білім беру бағдарламаларын құру, барлық циклдің пәндері үшін бағдарламалық-әдістемелік құралдар кешенін дайындау); мультимедиялық құралдар (оқу материалын визуализациялау, компьютерлік бағдарламалардың логикалық құралдары мен телекоммуникация мүмкіндіктері негізінде студенттермен интерактивті өзара әрекеттестігін ұйымдастыруды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің жаңа дидактикалық сапасын арттыру); оқыту мазмұнына қойылатын талаптар (оқулықтар мен оқу құралдарының қолжетімділігі, оқытушылар мен білім алушылар талаптарын және олардың қоршаған орта элементтерін белсенді түрде өзгерту мүмкіндіктерін ескеру). Диагностикалық зерттеуге М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 99 студенті қатысты. Э.Тунник сауалнамасы, сонымен қатар, оқу үдерісінің тиімділігі туралы авторлық сауалнама туралы студенттердің пікірлері арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуеті бағаланды.

Түйін сөздер: шығармашылық, белсенділік, шығармашылық белсенділік, тұлғаның белсенділігі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды білім беру ресурстары, сандық білім беру ресурстары, мультимедиялық құралдар, білім беру ортасы.

A.A. Tolbassiyeva*, G.Zh. Lekerova, A.M. Ussenova
M.Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent
*e-mail: a.tolbasiyeva@mail.ru

Using ICT in teaching a foreign language as a means of preparing students for creative activity

In the article, the use of ICT in the process of teaching a foreign language is considered as a means of preparing students for creative activity. Information and communication technologies allow to search, process and master various sources of information, use various programs. This forms in students, as future teachers of a foreign language, the mastery of language material for use in speech form, the perception of personal statements and their logical connection, the ability to verbally and non-verbally compensate for gaps, as well as the degree of familiarity with the sociocultural context of the language, and readiness for creative activity.

The authors highlight the following characteristics of the information and educational environment: systematic (creation of educational programs that require a consumer, preparation of a set of software and methodological aids for the discipline of all cycles); multimedia tools (visualization of educational material, improving the quality of new didactics, software and methodological support for organizing interactive interaction with students based on logical means and telecommunications capabilities); requirements for the content of training (availability of textbooks and teaching aids, taking into account the requirements of teachers and students, the possibility of them actively changing elements of the environment). 99 students of M.Auezov South Kazakhstan University took part in the diagnostic study. The creative potential of students was assessed using E. Tunnik's questionnaire, as well as students' opinions using the author's questionnaire on the effectiveness of the learning process.

Keywords: creativity, activity, creative activity, personality activity, information and communication technologies, electronic educational resources, digital educational resources, absorbed funds, educational environment.

А.А. Төлбасиева*, Г.Ж. Лекерова, А.М. Усенова
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент
*e-mail: a.tolbasiyeva@mail.ru

Использование ИКТ при обучении иностранному языку как средства подготовки студентов к творческой активности

В статье рассматривается использование ИКТ в процессе обучения иностранному языку как средство подготовки студентов к творческой деятельности. Информационные и коммуникационные технологии позволяют искать, обрабатывать и изучать различные источники информации, использовать различные программы. Это формирует у студентов, как будущих учителей иностранного языка, овладение языковым материалом для использования в речевой форме, восприятие личных высказываний и их логической связи, устно и невербально компенсировать проблемы, а также степень ознакомления с социокультурным контекстом языка, готовность к творческой активности.

Авторы выделяют следующие характеристики информационно-образовательной среды: системность (создание образовательных программ, требующих потребителя, подготовка комплекса программно-методических пособий для дисциплины всех циклов); мультимедийные средства (визуализация учебного материала, повышение качества новой дидактики программно-методического обеспечения организации интерактивного взаимодействия со студентами на основе логических средств и возможностей телекоммуникаций); требования к содержанию обучения (доступность учебников и учебных пособий, учет требований преподавателей и обучающихся, возможности их активного изменения элементов окружающей среды). В диагностическом исследовании приняли участие 99 студентов Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова. Был оценен творческий потенциал студентов по опроснику Е.Тунник, а также мнения студентов по авторской анкете об эффективности процесса обучения.

Ключевые слова: творчество, активность, творческая активность, активность личности, информационно-коммуникационные технологии, электронные образовательные ресурсы, цифровые образовательные ресурсы, мультимедийные средства, образовательная среда.

Кіріспе

Заманауи қоғамның барлық салаларындағы инновациялық үдерістер маңызды орын алады. Мұндай үдерістерді жүзеге асыру ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласындағы іс-әрекетке арнайы кәсіби дайындығын ғана емес, сонымен бірге жаңа білімді тиімді игеру, өндіру, іс-әрекетінде шығармашылық көзқарасы қалыптасқан тұлғаны қажет етеді. Қоғамдық талаптардың осындай өзгерістерімен жоғары кәсіптік білім берудің мақсаты мен міндеттері, мазмұны жаңа сипатқа ие болуда.

Отандық ғылым мен жоғары білім сапасын әлемдік бәсекеге негізделген еңбек нарығының жаңа сұранысына сәйкес арттыру, ХХІ ғасырдың құзыретті білікті мамандарын кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі маңызға ие. Мемлекеттік деңгейде айқындалған «тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы ғылыми білімнің берік негіздерін қалыптастыру» міндетін шешу жоо-ның білім

беру үдерісіндегі талаптар негізінде қамтамасыз етіледі [1].

Инновациялық технологияларды қолдана отырып, студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру қазіргі ғылым мен практиканың маңызды міндеттерінің біріне саналады.

Осы орайда, қазіргі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінің мүмкіндіктерін айқындау психологиялық-педагогикалық шарттарын жасаудың қажеттілігін көрсетеді, соның бірі – ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарымен болашақ шет тілі мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру.

Ұсынылып отырған мақалада шет тілін оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын (электрондық оқулықтар мен құралдар, интерактивті тақта, мультимедиялық проектор және басқа да сандық білім беру ресурстарын) пайдалану болашақ шет тілі мұғалімдері ретінде студенттерді шығармашылық белсенділікке дайындауда жоғары оқу ор-

нының білім беру үдерісінің мүмкіндіктерін айқындайды.

Зерттеу әдістері

Болашақ шет тілі мұғалімдері ретінде студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың мәні мен құрылымын ашып көрсетуде, қарастылып отырған мәселені теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеуде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, контент талдау, жалпылау, салыстыру және эмпирикалық, алынған деректерді сапалық және сандық өңдеу әдістері мен әдістемелер қолданылады.

Заманауи қоғамды ақпараттандыру үрдісінің басымды бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру, ал электронды білім ресурсы ақпараттық қоғамдағы адамның сан алуан түрлі іс-әрекет саласының негізі болып табылады.

Зерттеуімізде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланудың қажеттілігі айқындалады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология бір жағынан, интернеттен әртүрлі ақпарат көздерін іздеуге, өңдеуге және меңгеруге, екінші жағынан, компьютерді, әртүрлі бағдарламаларды пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарын (дайын мультимедиялық бағдарлама, интернет желісінен білім ресурстарын, желілік қоғамдастықтағы байланысу, әлеуметтік сервис), сонымен бірге өзінің қарапайым бағдарламалық өнімді, білім беру сайттарын оқу үдерісінде пайдалану, сонымен бірге оқытудың тиімділігін қосымша мотивациялық тетіктер есебінен оқыту үдерісінде өзара әрекеттестіктің жаңа формаларын ұйымдастыру білім беруші мен білім алушының іс-әрекет мазмұнын және сипатын өзгертуге мүмкіндік туғызады.

Сондықтан студенттердің АКТ-ы қолдану мүмкіндіктерін айқындауда сауалнама әдісі мен Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі қолданылады, алынған нәтижелерге талдау жасалады.

Әдебиеттерге шолу

Бүгінгі таңда ақпарат көлемінің өсуі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) барлық салаға қарқынды енуі және пайдаланылуы жағдайында болашақ мамандардың

кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар мен дәстүрлі білім беру деңгейі арасындағы қарама-қайшылық білім берудің негізгі мәселесінің біріне саналады. АКТ әсерінен тұлғаның жаңа интеллектуалды ортаға енуіне негізделген заманауи білім беру технологиялары құрылуда, ол желілік АКТ-ның қарқынды дамуына жаңа перспективалар ашты.

Сондықтан білім беру технологиялары мен ақпараттық технологиялардың біріктірілуі негізінде жаңа интеграцияланған оқыту технологиялары пайда болды. Мысалы: интернет-технологияларға негізделген оқу және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, студенттер мен оқытушылар арасындағы байланысты басқаруды көздейтін заманауи АКТ, ол ең алдымен ғаламдық Интернет желісін пайдалану арқылы жүзеге асырылуда. Интернет желісіндегі білім беру ресурстарының оқу іс-әрекетіндегі көп қырлы мүмкіндіктері студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың белсенділігін арттырады, болашақ кәсіби іс-әрекетінде пайдалы дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Ақпараттық технологиялар студент тұлғасының өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасайды, шығармашылығының нәтижелері сұранысқа ие және басқалар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Шығармашылық белсенділік философиялық (А.Г.Спиркин), әлеуметтік-психологиялық (П.Я.Галперин, Я.А.Пономарев, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев) және педагогикалық (С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, А.З.Исмагулов) әдебиеттерде «белсенді ақыл-ой әрекетімен және басқа да практикалық іс-әрекеттермен теңестірілетін шығармашылық деп анықталады, нәтижесінде түпнұсқа, ерекше құндылықтар жасауға, жаңа фактілерді, қасиеттерді, заңдылықтарды, сондай-ақ зерттеу және түрлендіру әдістерін орнатуға болады», – деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық белсенділікті дамыту теориялық білімге, оқу және кәсіби іс-әрекетке оң көзқарасты қалыптастыруға, практикалық дағдыларды игеруге, кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуіне дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Студенттердің шығармашылық белсенділігінің сипаттамасы оны қалыптастыру формасы ретінде оқу, оқудан тыс және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу, өзара әрекеттесу ортасын құру, жағдаяттық практика-бағдарлық тапсырмаларды құрастырудың тиімділігімен дәлелденеді.

Студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыру электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқыту бағдарламасы және электрондық дидактикалық құралдар түріндегі сандық білім беру ресурстарының ерекшеліктерімен сипатталады.

Білім беру жүйесінің модернизациясы ақпараттық білім беру ортасын белсенді түрде ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді, оның негізгі элементтерінің бірі электрондық білім беру ресурстары болып табылады. Осыдан, электронды білім беру ресурстары сандық түрде ұсынылатын білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті оқу, әдістемелік, анықтамалық, ұйымдастырушылық ақпараттардан және басқа да қосымша ақпараттардан тұрады.

Е.Ы.Бидайбеков «ақпарат қоғамның табысты дамуының алғышарт ретіндегі стратегиялық ресурс» болса, ал «ақпараттандыру адамзат қызметінің түріндегі шынайы, жекілікті және уақтылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені», – деп анықтайды (Бидайбеков, 2014: 26)[2].

И.В. Роберттің пікірінше, жоғары оқу орнының білім беру ортасын ақпараттандырудың тиімді жолы ресурстарды белгілі бір құрылымға ықпалдастыру, сол ақпараттық ресурстарға білім алушылардың интеллектуалдық тұрғыдан әлеуетін белсендіру арқылы қол жеткізуін қамтамасыз ету. Сондықтан ақпараттық-коммуникативтік технология дидактикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыратын кері байланыс орнату, компьютерлік визуализация, компьютерлік моделдеу, ақпараттарды жинау, өңдеу, архивтеу, сақтау, беруді автоматтандыру, есептеу, ақпараттық-іздеу үрдістерін, басқару іс-әрекеттерін электрондық түрде ұсынатын материалдарды ұсынады (Роберт, 2010: 5)[3].

Қазіргі заманғы білім беру ортасы ашық жүйе ретінде субъектілерін, мақсатын, мазмұнын, ақпараттық, техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыздандыратын бағдарламалық-әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстардың бірлігімен сипатталады.

В.И. Слободчиков «білім беру ортасы нақты және алдын-ала белгіленген нәрсе емес, бірлескен іс-әрекет ресурсы ретінде білім беруші мен білім алушының бірлесіп жобаны құруы, білім беру субъектілері мен білім беру қызметтері арасында қатынастың құрылуы», – деп тұжырымдайды (Слободчиков, 2000: 173) [4].

Сондықтан білім беру ортасының тұтастығы субъектілердің өзара әрекеттесу мүмкіндіктері-

мен, шешілетін мақсат-міндеттердің тығыз байланысымен, шығармашылық белсенділіктерімен сипатталады.

Шығармашылық белсенділік меңгерілген білімді шығармашылықпен қайтадан өзгерте отырып, тасымалдаудың алғышартын анықтайды. Сондықтан студенттердің жоғарғы оқу орнының білім беру үдерісінде сан алуан түрлі іс-әрекетте өзін-өзі дамытуы, тұлғалық өсуі, өзін-өзі жетілдіруі, өзін іс жүзінде көрсетуі шығармашылық ізденіспен жүзеге асырылады. Мұнда инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану болашақ шет тілі мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін көрсетуге тұрақты ішкі мотивациясын қалыптастырады.

Заманауи ғылыми әдебиеттерді талдау «шығармашылық» ұғымын пәнаралық тұрғыдан белсенділік, үдеріс, іс-әрекет түрі, іс-әрекет нәтижесі ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Д.Б. Богоявленская «шығармашылықты» шығармашылық іс-әрекетте орын алатын тұлғалық сипаттама мен үдеріс деп зерттейді. Оның сан алуан түрлі сипаты мынадай түсініктерде көрініс табады: шығармашыл тұлға, шығармашылық белсенділік, шығармашылық үдеріс, шығармашылық ойлау (Богоявленская, 2002:171) [5].

Шығармашылық гуманизмнің жоғары формасы, өмір өзгерісінің және материя дамуының қажетті шарты ретінде түсіндіріледі. Сондықтан шығармашылықтың заманауи философиялық түсінігі адам іс-әрекетінің түрлерін оның даму форматында «төменнен жоғарыға қарай қозғалыста іздестіру» тұрғысынан қамтиды [6, б.287].

В.И. Андреев шығармашылықты объективті және субъективті маңызды жаңа, ерекше жетілдірілген материалдық және рухани құндылықтарды құру іс-әрекеті деп түсіндіреді. Шығармашылық түрлері адам іс-әрекетінің сипатымен анықталады: ғылыми шығармашылық (жаңа білім өндіру); көркем шығармашылық (жаңа көркем туынды шығару); техникалық шығармашылық (жаңа технология мен құрылғы әзірлеу); педагогикалық шығармашылық (жаңа мазмұн, әдіс, принцип, форма мен педагогикалық жүйені жасау) (Андреев, 1988: 4) [7].

А.Т.Шумилин «шығармашылықты жаңа тұтастықты, инновациялық өнімді құру, тұлғаның психикалық құрылымының өзара әрекеттесу үдерісі ретінде (Мен, ол, Супер-Мен) зерттей отырып, шығармашылық – бұл ойлау үдерісі, шешімге бағытталған ойлау», – деп тұжырымдайды (Шумилин, 2007:75) [8].

«Белсенділік» ұғымы көбінесе іс-әрекет ұғымымен теңестіріледі, латынша *activus* «іс-әрекет» дегенді білдіреді. Адам табиғаты бойынша белсенді, бірақ кез-келген белсенділік іс-әрекет емес және кез-келген әрекет ететін адам белсенді емес [9, б.107].

Бірқатар ғалымдар тұлғаның шығармашылық белсенділігін әртүрлі тұрғыдан қарастырады: тұлға құрылымында жүйелі білім беру ретінде (А.И. Ковалев және т.б.); тұлғаның интегралды сапасы ретінде (Г.Ж. Мамыкова және т.б.); бағытталған әрекет өлшемі ретінде (Э.У. Гуцало және т.б.); жан-жақты тұтастық сапа ретінде (М.А. Байдан және т.б.); тұрақты тұлғалық білім беру ретінде (Е.В. Алексеенко және т.б.); ерекше психофизиологиялық жағдай ретінде (Г.И. Шевченко және т.б.); белсенділіктің жоғары деңгейі ретінде (Е.Н. Михеева); күшейткіш өлшем ретінде (А.В. Тараканов және т.б.); эмоционалды, еріктілік, интеллектуалдық қасиеттердің және үдерістердің күрделі бірлігі ретінде (Н.В. Нефедьева, Қ.Б. Жарықбаев және т.б.).

Соның ішінде, Н.Ф. Нефедьева «шығармашылық белсенділікті» қоршаған әлемді танудың формасы, өзін-өзі көрсету тәсілі, жағымды өзіндік тұжырымдаманы қалыптастыру ретінде анықтайды. Шығармашылық белсенділік өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына және шығармашылық өзін-өзі ісжүзінде көрсетуіне алып келеді, сондай-ақ тәртіпті өзгертуге, жаңа тәсілді құруға мүмкіндік туғызады (Нефедьева, 2008: 399)[10].

И.В. Давыдова «шығармашылық әлеует» ұғымының мазмұны тұлғаның мүмкіндіктерін, оның шығармашылық іс-әрекетте іске асырылған қабілеттерін, білім, білік, дағдылар жиынтығы, тұлғалық-белсенділік және әлеуметтік маңызды білім ретінде қарастырылады (Давыдова, 2009: 24) [11].

Зерттеу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарының түрлерін және оларды қолдану ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар еңбектеріне де талдау жасалды. Инновациялық технологиялар оқытушыны студентті танымдық іс-әрекетке және шығармашылық мәселелерді шешуде жүйелі ойлау, идея тудыру қабілетін қалыптастыруға бағыттайтын әрекеттер, әдістер мен формаларды пайдалануға бағдарлайды.

Инновациялық технологиялардың түрлері: түбегейлі (оқу үдерісін және оның бөлігін қайта құрылымдау); аралас (бірнеше белгілі элементтерді немесе технологияларды жаңа техноло-

гияға немесе оқыту әдісіне біріктіру); модификациялық (оқыту әдісін немесе технологиясын өзгертпей жетілдіру).

Г.И. Бейсенова ақпараттық технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін, педагогикалық шарттарын айқындаған, құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынған (Бейсенова, 2009 :25) [12].

Сонымен студенттердің кәсіби шығармашылық іс-әрекетке белсенділігін жоғарылату көрсеткіштері тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру тетігі ретінде шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға құндылық қатынасын орнату, өзіндік жұмыстарын жеке шығармашылық ізденістерін нығайту, шығармашылық және танымдық зерттеу іс-әрекетіне мотивациясын қалыптастыру, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі іскерліктер мен дағдыларды меңгеруін анықтайды.

Р.С. Омарова зерттеу жұмысында студенттердің танымдық іс-әрекетінің құрылымы мен ерекшеліктерін, атап айтқанда: болашақ мамандығына кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін кәсіптік білім, білік және дағдыны меңгеруі, кәсіби және тұлғалық сапаларды қалыптастыру тәжірибесін жинақтауы, кәсіби іс-әрекетінде қолданылатын заманауи оқу құралдарын пайдалануы, оқыту нәтижесіне қол жеткізетін құзыреттіліктерді меңгеруі, қортыныды аттестациядан табысты өтуі және т.б. бөліп көрсетеді (Омарова, 2002: 28)[13].

Ресей ғалымдары еңбектерінде шет тілін оқытуда қашықтықтан оқыту және интернет қызметін әзірлеу технологиясын пайдалануды ұсынады. Интернетті қолданып, шет тілін тікелей зерттеу интерактивті құралдармен басқарылып, студенттердің өзіндік тәжірибесін және тиімді кері байланысын қалыптастыру өзіндік жұмыс түрлерінің ережелеріне сәйкес келуі тиіс екенін көрсетеді (Башмаков, Грачев, 2002: 48) [14].

Ғаламдық интеграцияға қол жеткізу құралы ретінде ағылшын тілін үйренуге ерекше назар аудара отырып, интерактивтік технологиялардың Қазақстанның басқа тілдерде сөйлесу қабілетіне әсер ететінін, геймификация, виртуалды шындық және басқа да интерактивтік технологиялардың Қазақстандағы ағылшын тілін оқытуда революция жасай алатынын зерттейді. Авторлардың пікірінше, «жақында Қазақстан халқы арасында көп тілділік пен ағылшын тілін меңгеруді ынталандыру арқылы әлемдік аренаға шығуға ниетті екенін көрсетеді. Алайда тілдер-

ді оқытудағы дәстүрлі тәсілдер қазіргі әлемнің тез өзгертін қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Қазақстандағы ағылшын тілін үйренушілер арасында коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеудегі әртүрлі интерактивтік технологиялардың әсері сандық және сапалық деректерді біріктіретін аралас әдістерді қолдану арқылы бағаланады дей отырып, ағылшын тілін оқытуда интерактивті технологияны қолдану студенттердің ынтасын, коммуникативтік дағдыларын және жалпы тілді меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырады», – деп тұжырымдайды (Асан, Құнанбаева, 2023: 68)[15].

Бүгінде ақпараттық техносфераға құралдар, әдістер, шарттар жиынтығымен бірге ақпараттық білім беру саласын өндіру құрылымы да енгізіледі. Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келесі құралдары қолданылады: электрондық оқулықтар мен құралдар, интерактивті тақта; мультимедиялық проектор және басқа да сандық білім беру ресурстары.

Нәтижелер мен талқылау

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға барлығы 99 студент қатыстырылды. Оның ішінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (бұдан әрі – Мұхтар Әуезов атындағы ОҚУ) 6В01730 – «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-2 курс студенттері (жалпы саны – 40) эксперименттік топта болды. Бақылау тобындағы 59 студент (1-2 курс) 6В01730 – «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы студенттері (Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (ОҚМПУ)) болды.

Зерттеуімізде студенттердің болашақ шет тілі мұғалімдері ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануға дайындық деңгейін және электронды білім ресурстарын жобалау қабілетін, жалпы түсініктерін білу, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға ықпалын анықтау мақсатында сауалнама құрастырылды. Жүргізілген сауалнама (12 сұрақтан тұрады) бойынша алынған зерттеу нәтижелерін талдайтын болсақ, ЭТ және БТ студенттері толық жауап беруге талапталды.

«АКТ саласындағы білімді қайдан алдыңыз?» деген сұраққа бақылау және эксперимент-

тік топтардағы 99 студенттердің барлығы (100%) «жоғары оқу орнында» деп жауап берді.

Сабақ үшін «MS Power Point бағдарламасының көмегімен мультимедиялық презентация дайынсыз ба?» деген сұраққа 99 студенттердің барлығы (100%) үнемі қолданамыз деп жауап берді.

«Оқу сабағын ұйымдастыру және өткізу үшін АКТ саласындағы біліміңіз жеткілікті деп санайсыз ба?» деген сұраққа екі топ студенттерінің басым көпшілігі 59 студент (59,2%) өз бетімен әлі де дайындалудың қажеттілігін, 40 студент (41,8%) жоо-да АКТ пәнінде меңгерген білім жеткілікті деп есептейтінін көрсетеді.

«Ақпараттарды компьютерлік вирустардан қорғауды білесіз бе?» деген сұраққа екі топ студенттерінің басым көпшілігі 56 студенттің (55,9%) толық меңгермегенін, ал 43 студенттің (44,1%) қорғау бағдарламасын қолданатынын атап көрсетеді.

«Сурет пен бейнені құрастыру және редакциялау үшін графикалық редакторды падалана аласыз ба?» деген сұрақ бойынша 66 студенттің (65,7%) қолдана алмайтыны, 33 студенттің (34,3%) студенттің қолдана алатыны анықталды.

«Сіздің презентацияңызда қандай элементтер болады?» деген сұраққа 69 студент (69,5%) мәтін деп жауап береді, 30 студент (30,5%) ғана мәтін мен графика деп көрсетеді.

«Аудио және видеообъектілерді құрастырып, өңдей аласыз ба?» деген сұраққа 6 студент (10%) «иә» деп, ал қалған 53 студент (90%) «жоқ» деп жауап берді. Бұл студенттердің дайын аудио және видеообъектілерді пайдаланып, оны құрастыру және өңдеу біліктілігінің қалыптаспағанын көрсетеді.

«Қандай электронды білім ресурсын қолдану дұрыс деп есептейсіз?» және «Электронды білім ресурсы дегеніміз не және қандай түрлерін білесіз?» деген сұрақтарға 59 студенттің барлығы (100%) электрондық оқу құралдары деп жауап берді.

Студенттердің «Электронды білім ресурсын құрастыру тәжірибесі қалыптаспаған, бірақ оны дайындаудың қандай технологиясын меңгердіңіз?» деген сұраққа интернет желісінен ақпараттарды іздеуді білемін деп көрсетуі, персоналды компьютерді басқара алуын, файлды құру, көшіру, жаңа ат қою немесе атын өзгерту, іздеуді жүзеге асыратынын, ақпаратты форматтау, сақтау және өшіру, файл мен папканы архивтеу немесе керісінше ауыстыруды білетінін көрсетеді (1-кесте)

1-кесте – Бағдарламалық өнімдер

Бағдарламалық өнімдер	Меңгеру дәрежесі (0-ден 5-ке дейін)	
	Бақылау тобы (БТ)	Эксперименттік топ (ЭТ)
Microsoft Access	-	-
MS Excel	1 (19 студент)	1 (20 студент)
MS PowerPoint	1-2 (38 студент)	1-2 (20 студент)
MS Publisher	-	-
MS Word	0-5 (59 студент)	0-5 (40 студент)
Adobe Photoshop	-	-
Corel Draw	-	-
ABBY Fine Reader	-	-
Microsoft Internet Explorer	-	-


«Алты балдық шкала бойынша қандай да бір бағдарламалық өнімді иелену дәрежесін бағалаңыз» деген сұраққа 59 студенттің (100%) MS Word бағдарламасымен мәтін құрастыра алатынын, 21 студент (35,5%) MS Excel жұмыс істей алатынын, 38 студент (64,5%) MS Power Point бағдарламасын пайдаланып, слайд жасай алатынын көрсетеді. Сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарымен болашақ шет тілі мұғалімдері ретінде студент-

тердің шығармашылық белсенділікке дайындығының деңгейлері (базалық, жалпы, кәсіби) айқындалды (2-кесте, 1-сурет).

Заманауи білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологиялар адамзат тұлғасын дамытудың кең спектрін (эмоция, интеллект, дүниетаным, дербес шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, эстетикалық сана, зерттеу дағдылары), шығармашылық белсенділігін қалыптастырумен анықталады.

2-кесте – Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейлерінің көрсеткіштері (%)

Топ	Студент саны	АКТ қолдану деңгейлері					
		Базалық деңгей		Жалпы деңгей		Кәсіби деңгей	
		Адам саны	%	Адам саны	%	Адам саны	%
ЭТ	40	14	34	20	50	6	16
БТ	59	22	37	28	48	9	15



1-сурет – Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейлерінің диаграммасы

Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі студенттердің қаншалықты шығармашыл екенін, шығармашылық ойлау, шығармашылық белсенділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Әдістеме бойынша алынған мәліметтерді бағалауда тұлғаның шығармашылықпен тығыз арақатынасын көрсететін төрт фактор қолданылады, олар: Білімге құштарлық (Қ), Қиялдау (қ), Қиындық (қ) және Қауіп-қатерге бейімділік (Б). Әрбір фактор

бойынша төрт өңделмеген көрсеткіштер, сонымен бірге көрсеткіштердің жалпы қосындысы негізге алынып, жауап кілтiне сай төмендегі көрсеткіштер анықталды. Эксперименттік топтағы студенттердің 50% Білімге құштарлық (Қ), 16% Қиялдау (қ), 15% Қиындық (қ) және 19% Қауіп-қатерге бейімділік (Б), ал бақылау тобындағы студенттердің 48% Білімге құштарлық (Қ), 15% Қиялдау (қ), 16% Қиындық (қ) және 21% Қауіп-қатерге бейімділік (Б) таңдайды (2-сурет).



2-сурет – Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесінің нәтижесі

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттер шығармашылық белсенді іс-әрекетте мәселені қоя алмауы және оның шешімдерін логикалық тұрғыдан ойлау қабілеті және интеллектуалдық білім, білік, дағдысы қалыптаспағанын; оқу үдерісіндегі шығармашылық белсенді іс-әрекетінің ерекшеліктерін болжауға мүмкіндік беретін әдіснамалық білімінің мақсаттарын, принциптерін, мазмұнын, әдістерін, түрлері мен формаларын, оны жүзеге асыру заңдылықтарын білуін қамтитын теориялық білімінің, инновациялық технологияларды қолдануын сипаттайтын әдістемелік білімінің, шығармашылық инновациялық технологиялармен жұмыс істей білуге негізделетін технологиялық білімінің төмендігі байқалады.

Сондықтан эксперимент жұмыстарын талдау шет тілін оқыту үдерісінде АКТ құралдарын пайдалану студенттерді шығармашылық белсенділікке дайындау деңгейлерін сипаттайтын өлшемдері мен көрсеткіштері анықтауға мүмкіндік береді:

- шығармашылық сипатының болуы (жаңаны құру, жаңашылдық туындының мазмұнындағы жаңа идеясы мен ой-пікірі);

- ой-пікірді, көзқарасты, идеяны үлгі түрінде және электронды формада бейнелеуі (Интернет желісі, ауыспалы тасығыш – дискет, CD);

- мақсатты бағытта электронды білім беру ресурстарын қолдануы (оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал және т.б. болуы мүмкін).

Сонымен эксперимент барысында ғаламдық Интернет желісін пайдалану кезінде оқытудың қазіргі заманғы технологияларын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық-білім беру ортасын құрумен бірге электронды білім беру ресурстарын жобалау мақсатында жұмыстар жүргізілуі тиіс екендігі анықталады.

Зерттеуімізде алынған мәліметтер нәтижесі жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде болашақ шет тілі мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың келесі құралдары, атап айтқанда: электрондық оқулықтар мен құралдар, интерактивті тақта; мультимедиялық проектор және басқа да сандық білім беру ресурстары қолданылуы тиіс деп тұжырымдауға негіз болды.

Қорытынды

Жоғары оқу орнында шет тілін оқыту үдерісінде АКТ-ны пайдалану студенттерді шығармашылық белсенділікке дайындау құралы ретінде келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

- ақпарат алудың электрондық көздерін, электрондық энциклопедияларды, сөздіктерді, кітапхана қорын пайдалану;

- электрондық дерекқорларға, соның ішінде кәсіби, оқу-әдістемелік құралдарға қол жеткізу үшін телекоммуникациялық құралдарды пайдалану;

- ақпараттармен белсенді алмасу және кері байланыс орнату;

- білім беру үдерісінің әртүрлі субъектілерімен өзара әрекеттесу;

- материалдарды мәтін, анимация, графика, видео, аудио түрінде ұсыну;

- құбылысты және объектілерді талдау үшін компьютерлік моделдеу, ақпараттарды өңдеу бойынша әртүрлі іс-әрекеттерді автоматтандыру.

Шет тілін оқыту үдерісінде АКТ-ны пайдалану студенттерді шығармашылық белсенділікке дайындау құралы ретінде пәнге деген қызығушылығын арттыруға және олардың сөйлеу және ақыл-ой әрекетін белсендіруге, өз бетінше жұмыс істеу және топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін тиімді қалыптастыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда қоғамның компьютерлік ақпараттандырылуынан инновациялық технологияларды қолданады, студенттер желілік өзара әрекеттесу жүйесіне проблемалық-тақырыптық форумдар, желілік қауымдастықтар, веб-сайттар, чаттар, e-mail арқылы белсенді қатыса алады.

Сондықтан студенттердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда инновациялық

технологияларды қолдану оқытудың нақты міндеті түрінде болуы тиіс және шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға мақсатты дайындықты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады деп қорытындылауға негіз болады.

Біздің пікірімізше, студенттердің шығармашылық белсенділігі жоғары оқу орнында білім беру үдерісінде білім мен дағдыларын жаңа жағдайларға тасымалдауын, оқу мәселелерін шешуде әрекет ету тәсілін өзгертуін көздейтін, үдерісіне қосылуын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның іс-әрекеті.

Сонымен шығармашылық белсенділік бір жағынан, қажеттіліктерді, қабілеттерді, жеке адамның өмірге деген қарым-қатынасын, екінші жағынан, қоғамға, жеке басына және жағдайларына қойылатын талаптарды интеграциялау негізінде өмірді ұйымдастырудың, реттеудің және өзін-өзі реттеудің өзіндік тәсілі деп сипатталады.

Демек шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның қасиеті ретінде оның даралығын көрсетеді және бейімділікпен, қызығушылықпен байланысты белгілі бір іс-әрекет түріндегі қажеттіліктерімен анықталады.

Шығармашылық белсенділік теориялық білімге, оқу және кәсіби іс-әрекетке оң көзқарасты қалыптастыруға, практикалық дағдыларды игеруге, кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, олардың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуге мотивациялық, танымдық және ұйымдастырушылық дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыдан студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту жаңа нәрсені өндіру ретінде шығармашылыққа тұрақты қызығушылық танытатын, шығармашылық үдерісінің құрылымын түсінетін және алған білімдерін әртүрлі жағдайларда шығармашылықпен қолдана білетін маманды дайындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (қарау күні 10.01.2024)

2. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014. – 352б.

3. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. – М.: ИИО РАО, 2010. – 140с.

4. Слободчиков В.И. О понятии образовательной среды в концепции развивающего образования. – М.: Экопсицентр РОСС, 2000. – 230с.

5. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей. – М.: Академия, 2002. – 320 с.

6. Краткий философский словарь//Под ред. А.П. Алексеева.– М.: РГ-Пресс, 2012. – 496 с.

7. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. – Казань: Изд-во КГУ, 1988. – 238 с.

8. Шумилин А.Т. Проблемы теории творчества: монография. – М.: Высш. шк., 1989. – 143 с.

9. Дружинин В.Н. Психология общих способностей: учебное пособие. – Санкт-Петербург: Питер, 2007. – 368 с.
10. Неведьева Н.Ф. Философские и психолого-педагогические основы развития творческой активности личности школьника // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2008. – №54. – С. 399-410.
11. Давыдова И.В. Развитие творческого потенциала студентов педвуза в процессе их совместной учебной деятельности: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 2009. – 24 с.
12. Бейсенова Г.И. Студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру: автореф. пед. ғыл. канд. – Алматы, 2009. – 25 б.
13. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру: дис... пед. ғыл. канд. – Алматы, 2002. – 166 б.
14. Технологии и средства развития творческих способностей специалистов / Под ред. В.А. Грачева. – М.: ЭДКД, 2002. – 221 с.
15. Assan K.A., Kunanbayeva S.S. Development of foreign language communicative competence in Kazakhstan through interactive technologies: a pathway to global integration // Izvestia. Series: Pedagogical Sciences. – 2023. – Т. 69. – №. 2.

References

- Alekseev, A.P. (Ed.). (2012). *Kratkiy filosofskiy slovar'*. M.: RG-Press. [Concise philosophical dictionary.]
- Andreev, V.I. (1988). *Dialektika vospitaniya i samovospitaniya tvorcheskoy lichnosti*. Kazan': Izd-vo KGU. [The dialectic of education and self-education of a creative personality.] (in Russian)
- Assan, K.A., & Kunanbayeva, S.S. (2023). Development of foreign language communicative competence in Kazakhstan through interactive technologies: a pathway to global integration. *Izvestia. Series: Pedagogical Sciences*, 69(2). (in Russian)
- Beysenova, G.I. (2009). *Studentterdin shygarmashylyk is-arekettin akparattyk tekhnologiyalardy kolldanu arkyl kaliptastyru: avtoref. ped. gyl. kand. Almaty*. [Formation of students' creative activity through the use of information technologies: Abstract of dissertation for candidate of pedagogical sciences.] (in Kazakh)
- Bidaybekov, E.Y. (2014). *Bilimdi aqparattandyru zhane oqytu maseleleri*. Almaty. [Informatization of education and teaching issues.] (in Kazakh)
- Bogoyavlenskaya, D.B. (2002). *Psikhologiya tvorcheskikh sposobnostey*. M.: Akademiya. [Psychology of creative abilities.] (in Russian)
- Davydova, I.V. (2009). *Razvitie tvorcheskogo potentsiala studentov pedvuza v protsesse ikh sovmestnoy uchebnoy deyatel'nosti: Avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. SPb*. [Development of the creative potential of pedagogical university students in the process of their joint educational activities: Abstract of dissertation for candidate of pedagogical sciences.] (in Russian)
- Druzhinin, V.N. (2007). *Psikhologiya obshchikh sposobnostey: uchebnoe posobie*. Sankt-Peterburg: Piter. [Psychology of general abilities: textbook.] (in Russian)
- Grachev, V.A. (Ed.). (2002). *Tekhnologii i sredstva razvitiya tvorcheskikh sposobnostey spetsialistov*. M.: EDKD. [Technologies and means of developing creative abilities of specialists.] (in Russian)
- Nefedyeva, N.F. (2008). *Filosofskie i psikhologo-pedagogicheskie osnovy razvitiya tvorcheskoy aktivnosti lichnosti shkol'nika*. *Izvestiya Rossiyskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena*, 54, 399-410. [Philosophical and psychological-pedagogical foundations for the development of the creative activity of a schoolchild's personality. News of the Russian State Pedagogical University named after A.I. Herzen.] (in Russian)
- Omarova, R.S. (2002). *Zhoghary oku oryndarynda studentterdin tanyndyk izdenimpazdygyn kaliptastyru: dis... ped. gyl. kand. Almaty*. [Formation of cognitive inquisitiveness of students in higher educational institutions: Dissertation for candidate of pedagogical sciences.] (in Kazakh)
- Robert, I.V. (2010). *Sovremennye informatsionnye tekhnologii v obrazovanii: didakticheskie problemy; perspektivy ispol'zovaniya*. M.: IIO RAO. [Modern information technologies in education: didactic problems; prospects for use.] (in Russian)
- Shumilin, A.T. (1989). *Problemy teorii tvorchestva: monografiya*. M.: Vyssh. shk. [Problems of the theory of creativity: monograph.] (in Russian)
- Slobodchikov, V.I. (2000). *O ponyatii obrazovatel'noy sredy v kontseptsii razvivayushchego obrazovaniya*. M.: Ekopsitsentr ROSS. [On the concept of the educational environment in the concept of developmental education.] (in Russian)
- Ükimetiniñ 2023 jilǵı 28 nauryzdaǵı № 249 qaulısı [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 249 on the approval of the concept for the development of preschool, primary, technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. (2023). *Qazaqstan Respublikasında mektepke deyingi, orta, texnikalyq jáne kásiptik bilim berýdi damytýdyñ 2023–2029 jýldarǵa arnalǵan túzhyrymdamasyn bekítý turaly Qazaqstan Respublikasy* [Electronic resource]. Retrieved January 10, 2024, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Төлбасиева Арайлым Айбатиллақызы (корреспондент автор) – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан, эл.пошта: a.tolbasteyeva@mail.ru)

Лекерова Гүлсім Жаңабегенқызы – психология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік университеті. (Шымкент қ., Қазақстан, эл.пошта: gulsimlekerova@mail.ru)

Үсенова Ақкенже Мұқанқызы – доцент, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. (Шымкент қ., Қазақстан, эл.пошта: akkenzhe_08@mail.ru)

Сведения об авторах:

Толбасиева Арайлым Айбатиллаевна (корреспондентный автор) – докторант образовательной программы «Педагогика и психология», Южно-Казакстанский университет имени М.Ауэзова (г.Шымкент, Казакстан, эл.почта: a.tolbasieyeva@mail.ru)

Лекерова Гульсим Жанаберженовна – д.психол.н., профессор, Южно-Казакстанский университет им. М.Ауэзова (г.Шымкент, Казакстан, эл.почта: a.tolbasieyeva@mail.ru)

Үсенова Ақкенже Мукановна – доцент, PhD, Южно-Казакстанский университет имени М.Ауэзова. (г.Шымкент, Казакстан, эл.почта: akkenzhe_08@mail.ru)

Information about authors:

Tolbasieva Arailym Aybatillaevna (corresponding author) – doctoral student of the educational program “Pedagogy and Psychology”, M. Auevov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, email: a.tolbasieyeva@mail.ru)

Lekerova Gulsim Zhanabergenovna – Doctor of Psychology, Professor, M.Auevov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, email: gulsimlekerova@mail.ru)

Usenova Akkenzhe Mukanovna – Associate Professor, PhD, M.Auevov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan, email: akkenzhe_08@mail.ru)

Келіп түсті: 14.02.2024
Қабылданды: 01.06.2024